# 2018 жылдың 9 айы бойынша прокуратура органдарында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыстың қорытындысы туралы

2018 жылдың 9 айында Қазақстан Республикасының прокуратурасы органдарында 178 688 жеке және заңды тұлғадан өтініш келіп түсті.

Келіп түскен өтініштердің жалпы санының 148 539 немесе 83% қаралды, оның ішінде 80 801 шешімін тапты немесе қаралған өтініштердің жалпы санының 54% құрады.

Шешімін тапқан өтініштердің жалпы санының – 16 764 немесе 21% қанағаттандырылды, 14 553 өтініш немесе 18% қанағаттандырусыз қалдырылды, 49 484 өтінішке немесе 61% бойынша заң түсіндірмелері берілді.

Прокуратура органдары өтініштерді қарау нәтижелері бойынша 282 прокурорлық қадағалау актісін енгізді, тәртіптік жауаптылыққа – 149, әкімшілік жауаптылыққа – 9 лауазымды тұлға тартылды.

Прокуратура органдарының қызметкерлері жеке қабылдауға 57 641, олардың ішінде тікелей басшылар 25 913 азамат пен заңды тұлға өкілін қабылдады.

Бас прокуратураның Call-орталығына тегін 115 нөмірі бойынша жеке тұлғалардан және заңды тұлғалардың өкілдерінен 82 мыңнан астам қоңырау келіп түсті.

Call-орталықтың құзырына кіретін мәселелер бойынша 133 өтініш тіркелді.

Өткен жылы Call-орталығына келіп түскен өтініштер бойынша прокурорлар қабылдаған шаралар, сондай-ақ, жалақы және басқа да төлемдер бойынша 73 млн. теңгеден астам сомадағы берешектер өтелді.

2018 жылдың 9 айында прокуратура органдарына «Электронды үкімет» порталы арқылы 8 212 электронды өтініш келіп түсті.

**Қайнар:** http://blog.astana.prokuror.kz/kaz/halykka-kyzmet/kogamdyk-kabyldau/azamattardyn-otinishteri/2018-zhyldyn-9-ayy-boyynsha-prokuratura